



Бөлім тақырыбы:

**Қазақстан мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы
(1991 – 1996 жылдар)**

Сабақтың тақырыбы:

**Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-
демографиялық процестер**

Оқу мақсаты:

9.1.1.3 Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау;

9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға беру;

9.3.2.4 қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын айқындау

Бағалау критерийлері:

Қазақстанның даму стратегиясындағы демографиялық саясаттың бағыттарын талдау;

Өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық процестерге баға береді;

Қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының маңыздылығын дәлелдейді;

Зейнетақы- азаматтарға белгілі бір жасқа толғанда, мүгедектігіне байланысты, асыраушысынан айырылғанда, арнаулы қызмет атқарған жылдары үшін, заңнамада көрсетілген басқа да реттерде берілетін тұрақты ақшалай төлемақы.

Бизнес- (кәсіпкерлік, сауда- саттық)- пайда табуға бағытталған әрекеттің, экономикалық қызметтің бір түрі; жеке кәсіпкердің не фирманың іскерлік қызметі

1990 жылдары
Қазақстандағы әлеуметтік- демографиялық
жағдай қандай деңгейде болды?

1990 жылдардың басында республиканың экономикалық жағдайы нашарлап, мемлекеттік еңбекпен қамту мекемелеріне 70,5 мың жұмыссыз адам тіркелді. Азаматтардың еңбек жағдайлары қиын халде еді. Әсіресе өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы өндірісіндегі хал-ахуал сын көтермеді.

1991-1995 жылдардағы экономика салаларындағы жалпы еңбекпен қамтамасыз етілгендердің жылдық көрсеткіші 3,7%-ға төмендеді.

Елдегі экономикалық дағдарыс бағаны еркіне жіберуге, ақшаның құнсыздануына, халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне алып келді.

Осындай дағдарысты кезеңде мемлекет Қазақстан Республикасы тұрғындарын әлеуметтік жағынан қолдау шараларын іздестіріп, осы саладағы дағдарыстан шығу жолдары мен нақты бағдарламаларын ұсынды. Қалыптасқан экономикалық жағдайды, демографиялық мәселелерді ескеріп, зейнетақы жүйесін реформалау туралы шешім қабылданды

1997 жылы наурыз айында ҚР Үкіметі «Қазақстан Республикасындағы зейнетақы жүйесін реформалау туралы тұжырымдаманы» бекітіп, 1997 жылғы 20 маусымда «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заң қабылданды.

Қазақстанда 1996 жылдың соңына қарай 391,7 мың жұмыссыз тіркелді. Қиын да күрделі кезең алыс-жақынға да, үлкен-кішіге де әсер етті.

Елді осындай қиын дағдарысты жағдайдан алып шығатын Үкіметтің әлеуметтік саладағы ауқымды шараларың бірі *шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау* саясаты еді.

Осы мақсатта Үкімет әлеуметтік- экономикалық және құқықтық шараларды жүзеге асырды. Экономикалық еркіндік әркімнің сауда жасауға, тапқан табысын жинақтауға немесе өз қалауымен жұмсауға мүмкіндік берді.

90-жылдардағы елдің демографиялық дамуының ерекшелігі халықтың абсолюттік санының өзгеруі болды.

Нарыққа өту

өмір сүру деңгейінің төмендеуі

жұмыссыздықтың өсуі

экологиялық мәселелер халықтың денсаулығына және демографиялық жағдайына кері әсер етті.

Халықтың табиғи өсуі, бала туу көрсеткіші төмендеді, өзге ұлт өкілдерінің республикадан көшіп кетуі ұлғайды.


1993-1999 жылға дейін Қазақстаннан ТМД елдеріне 1524 мың адам көшті.



**Ресейге-74%-ы, Украиндар-139759,
Белорустар-30068, Корейлер-3176 адамды
құрады.**

1989 жылы	КСРО халқының соңғы санағы	
1999 жылы	Қазақстан Республикасының халқы 1,246 миллион адамға азайып	14,953 миллион адамды құрады.
<p>Халық санының төмендеуінің негізгі себебі теріс көші-қон балансы болды, яғни кеткендердің саны Қазақстанға кіргендердің санынан асып түсті.</p> <p>Негізгі көші-қон ағындары көрші елдерге: Ресей, Беларусь, Украина, Өзбекстанға бағытталды</p>		
2009 жылы	Қазақстан Республикасының екінші халық санағының қорытындысы бойынша	16,009 млн адамды құрады

Қазақстан Республикасының халқының саны



Таяу және алыс шетелдердегі қазақ диаспорасы шамамен 5 миллион адамды құрайды.

Диаспора – едәуір бөлігі өз елінен немесе этникалық аумағынан тыс жерлерге қоныс аударған адамдар қауымдастығы. Қазақ диаспорасының өкілдері – бүкіл қазақ халқының ажырамас бөлігі.

Көрші елдердегі қазақтардың көпшілігі Өзбекстанда тұрады, онда 1,5 миллионға жуық қазақ бар. Ресей қазақтардың саны бойынша екінші орында тұр.

Қазақтардың белгілі бір бөлігі Ресей мен Өзбекстанда – Қазақстанға іргелес территорияларда тұрады. Бұл категория ирредента деп аталады.

Репатриация – үйге оралу.




1991 жылы еліміз тәуелсіздігін алысымен демографиялық жаңа кұбылыс орын алды.

Монғолия, Иран, Түркиядан қазақтар атажұртына орала бастады.

1999 жылғы санақ бойынша Қазақстандағы тұрғындардың саны 14 953 126 адамды кұрады.

Бұрынғы санаққа қарағанда халықтың кұрамы мен ауыл-село және қала тұрғындарының кұрамы үлкен өзгеріске ұшырағаны көрінеді. Қазақтардың саны 1989 жылмен салыстырғанда 1 484 мың адамға өсіп, 7 985 мыңға жетті. Сөйтіп, жалпы халық санының үлесі артты.

Қазақстанға оралған қазақтардың үлесі



Мезгіл сайын өткізіліп тұратын Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы – елдің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиға. Бірінші Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы 1992 жылы Алматыда өтті, оған 13 елден келген қазақ диаспорасының өкілдері қатысты. Құрылтайда Ұлттық бірлік орталығы, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы құрылды.

2012 жылғы мәлімет бойынша Қазақстандағы қазақтардың саны 10 764 мың болып, республика тұрғындарының 65,1% құрады.



2017 жылы Қазақстан халқының саны 18074,1 мың адамға жетті.

**2000 жылдардың басында
Қазақстандағы әлеуметтік-
демографиялық
жағдай қалай өзгерді?**

QAZAQSTAN TODAY

Тапсырма

«Қазақ диаспораларының тарихи Отанымен байланысының
маңыздылығын»

айқындау үшін ПТМС формуласын қолданып, талдау жасау.

Позиция (мен солай санаймын,...)

Түсіндіру (....себебі,...)

Мысал (мен мұны мынадай мысал арқылы дәлелдей
аламын....)

Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды
жасаймын....)

Тапсырма

Қазақтардың дүниежүзілік құрылтайының
маңызын сипаттаңыз



Құрылтай	Уақыты	Маңызы
1.		
2.		
3.		
4.		

Дескриптор

- Қазақтардың дүние жүзілік құрылтайының уақытын жазады;
- Қазақтардың дүние жүзілік құрылтайының маңызын сипаттайды.

Қазақстанның әлеуметтік-демографиялық
жағдайымен таныстық.

Қандай әлеуметтік өзгерістерді ... атай аласыңдар?

Аталған тақырыпты қаншалықты меңгергенінді
1 мен 10 –ның аралығында белгілеңдер.

Қандай сұрақтарыңның жауабы табылмады?

